



ШЫҢЖАН ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ
РУХАНИ МӘДЕНИЕТ ҮЛГІЛЕРІ

ШЫҢЖАН
ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ
МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРІ



ШЫҢЖАН ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ
РУХАНИ МӘДЕНИЕТ ҮЛГІЛЕРІ



ШЫҢЖАН
ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ
МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРІ



Алматы «Атамұра» 2008

ББК 82.3
Ш 97

Ш97 Шыңжан қазақтарының мақал-мәтелдері.
Жинақтап құрастырған Долда Кенешұлы.
— Алматы: Атамұра, 2008. — 208 бет.

ISBN 9965—34—822—7

Бұл кітапқа Қытайдың Шыңжан өлкесі, Алтай, Тарбағатай өңіріндегі отандастарымыздың мақал-мәтелдері енгізілді. Тарихтың тар жол, тайғақ кешулерінде тарыдай шашырап кеткен ұлтымыздың ұлы мұрасын ұзақ жылдар бойы шашау шығармай жинаған мәдениеттанушы, композитор Долда Кенешұлының бұл еңбегі еліміздің тәуелсіздігінің арқасында халқымыздың рухани қазынасына қосылып отыр.

Кітап Астана қаласының 10 жылдық мерейтойына тарту ретінде ұсынылмақ.

Ш 4702250205—034
418(05)—08

ББК 82.3

ISBN 9965—34—822—7

© Кенешұлы Д., 2008

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Сарыарқаның төрінде бой түзеген ару Астананың онжылдық тойы — ең алдымен, мәдени және рухани маңызы зор оқиға. Оның негізінде қабырғалы халқымыз бен еңселі еліміздің санғасырлық тағдыры жатыр.

Тауы — тарих, құмы — шежіре қазақ даласы бір қарағанда өзгеріс атаулыға бейжай көрінгенімен, оның құрсағында қалыптасқан бір ақиқат бар. Ол — дала рухы.

Далаға ұлан-асыр рухани дәулет тән. Даланың рухы — ұрпақтан ұрпаққа жалғасқан ата салтында, даналығы оның төсін жайлаған жұрттың өмір сүру қалпында.

Кез келгенге көне мұраларымыз жайдақ кітап сияқты ө дегеннен-ақ ақтарыла салмайды. Олардың құпиясы — тұңғиықта, қалтарысы — тереңде. Үңіліп, зерделеп, зерттеу, тер төге отырып реттеу — ғалымдарымыздың, қолына қалам ұстаған зиялы қауым өкілдерінің, қала берді көзі ашық, көкірегі ояу әрбір азаматтың абзал борышы.

Осы тұрғыдан келгенде, тағдыр тауқыметімен кезінде шекара асып, кейіннен туған жерге қайта оралған Долда Кенеш-

ұлының қолдарыңызға тиіп отырған **«Шыңжан қазақтарының рухани мәдениет үлгілері»** атты жинағы ұлттық мәдени қорымызға, Елбасы бастап, ел қоштаған, тәуелсіз мемлекеттігіміздің даусыз дәлелі **«Мәдени мұра»** мемлекеттік бағдарламасына қосылған аса құнды дүние болып табылады.

Белгілі этнограф, музыка және фольклортанушы, ардагер Долда ағамыздың көп жылдар бойы көз майын тауысып жинаған бұл жәдігерлері Шоқан Уәлиханов пен Александр Затаевичтердің ұлттық мәдениетімізге сіңірген ұшан-теңіз еңбегімен салыстыруға тұрарлық. Әсіресе өскелең ұрпақ үшін.

Шын мәнінде, ұлттық мәдениет, ұлттық рух — бесіктен белі шықпаған баладан басталады. Тәуелсіз, егемен, еркін еліміз әлемнің төрт бұрышына бірдей танылып, саяси-әлеуметтік және экономикалық жағынан тұрақты даму жолына түскен бүгінгі күні мұның өзі ел үшін ең басты мұраттардың бірі. Сондықтан жас ұрпақ бойында отан-сүйгіштік сезімді тәрбиелеп, қалыптастыру, мәдени мұраларымыздың сыры мен қырын ашып, халықтың игілігіне жарату — баршамыз үшін үлкен парыз. Бұл ретте жарық көріп отырған осы еңбекті жан-жақты әрі мұқият даярлап, баспаға әзірлеуге атсалысқан ақын Ұлықбек Есдәулетке, музыка мамандары Біләл Ысқақов пен Айтқали Жайы-

мовқа, сыбызғышы Еділ Құсайыновқа шын-
найы алғысымды айтқым келеді.

Долда Кенешұлының аталмыш еңбегін
Елордамыздың мерейтойына тамаша тарту
деп қабылдайық.

*Құрметпен,
Қазақстан Республикасы
ЮНЕСКО істері жөніндегі
Ұлттық комиссиясының
төрағасы*

 **ИМАНҒАЛИ ТАСМАҒАМБЕТОВ**

ЖӘДІГЕРГЕ ЖАН САЛҒАН

Халық мұраларын жинау жұмысы қашан да теңізден тебен іздегендей машақатты да азапты, бейнеті бастан асатын, жылдардан жылдарға созылатын, бірден өнбейтін іс. Өнбейтін, бірақ бір өне қалса мәңгі өлмейтін өнегелі, абыройлы шаруа. Көршілес Қытай елінен атамекенге ат басын тіреген мәдениеттанушы, этнограф, ұлтымыздың ән-күй, өлең-жыр, мақал-мәтелдерін жинаушы, зерттеуші, фольклоршы әрі композитор Долда Кенешұлының жанкешті де игілікті іс-әрекеті туралы осыны айтуға болады.

Қытайдағы бір жарым миллиондай қазақ Шыңжанның солтүстігін алып жатқан ұланғайыр кең өңірлерге бытырай қоныстанған. Оның 90 пайыздан астамы малшы-егінші болса, малшылар қысы-жазы тау сағалап, өзен жағалап, көшіп-қонып жүреді. «Ел іші — өнер кеніші» дегендейін, сол қарапайым ауыл адамдарының ішінде небір дәулескер күйшілер, дауысы алты қырдан асатын әншілер, аузымен құс тістеген шешендер, құйма құлақ қариялар, өткен заманның өлмес өнерін бойға тұтып қалған өнерпаздар, көненің көзіндей ескі мұраларды өз көзінің қарашығындай көріп, жүрек түкпірінде, сана төрінде сақтап жүрген сирек кездесетін таланттар бірлі жарым болса да табылатын. Өмірінің отыз жылдан астам уақытын мәде-

ни мұраларды жинауға жұмсаған Долда Кенешұлының материал іздейтін объектілері, өне солар еді.

Жәдігерлерді жинаушы ардагер ағамыздың өзінің айтуына қарағанда, тоқсаныншы жылдардың басына дейін Қытай еліндегі ауыл-қыстақтардың жол байланысы өте нашар, ары-бері қатынайтын көлік-автобустары жоқтың қасы болған екен. Ауылдарға бару үшін көмір тасыған машина, тракторларды тосуға тура келген. Оның өзі де сирек жүретін болғандықтан атқа мініп немесе арбаға отырып баруға мәжбүр болған. Кейбір материалдарды жазып алу үшін алыстан ат арытып, тон тоздырып, арнайы іздеп барған өнерлі адамдардың кейбірі жолаушылап, кейбірі жоқ қарап дегендейін, орнын сипатып кететін жағдайлар көп кезігіпті.

Ал іздеп тауып, жүздескен санаулыларының өзі бірден ашыла қоймай, білетіндерін оңайлықпен айтып бермейтін. Жер түбінен іздеп келген кісісімен қаншама қиындықпен кездескенімен сөйлете алмай, дыбыс жазғыш асай-мүсейлерін арқалап, бос сандалып, арып-ашып, құр алақан қайтқан кездері де аз болмапты. Өнер адамы көбіне кірпияз, кінәмшіл, секемшіл келеді. Олардың тілін, қыбын, бабын табудың өзі оңай шаруа емес екені анық. Кез келгенді шенейлете бермейді, ішкі сырын ашуға, бала жастан бойда сақтап келе жатқан өнерін көлденең көк ат-

тыға бірден жайып салып, шешіле кетуге шорқақ. Дегенмен, көптеген мұраларды «арыстанның аузынан, түрікпеннің төрінен» болса да алудың сәті түсіпті. Сол отыз жылдан астам уақыт бойы инемен құдық қазғандай тірнектеп жинаған әдеби-мәдени, өнер қазыналары бүгінде әлденеше кітап болып халқымыздың қолына тиіп отыр.

Мұның бәрін бастан өткерген Долда аға бұл жөнінде былай деп еске алады: «Менің әкемнің інісі Смағұл Қалиұлы дейтұғын ағамыз бүкіл Қытай еліне танымал халық ақыны, ал қайын атам Тайыр Белгібайұлы Қытай қазақтарына аты әйгілі домбырашы-композитор болған. Ол кісілерді бүкіл Қытай қазақтарының көргені де, көрмегені де өте құрметтейтін. Міне, «жақсы атаның әруағы қырық жыл сүйрейді» дегендейін, сол кісілердің туған-туысқаны екендігімді білгеннен кейін жылы шырай танытып, шешіле бастайтын. Оның үстіне өзімнің де жазған әндерім 1978 жылдан бастап орындалып, жарияланып, халыққа таныла бастаған. Домбырадан қара жаяу емес едім. 1976 жылдан бастап облыс-аймақ, аудан деңгейіндегі ақындар айтысы үш жылда бір рет өтіп тұратын болды. Ақындар айтысынан басқа халық күйшілері, халық әншілері де өнер көрсететін еді. Қисса-дастандарды жатқа айту, ұлттық киім-кешектерді, киіз үйлерді бағалау істері жүргізілді. Міне, осы

ақындар айтыстары орайында да талай тарланмен кездесіп, көптеген ән-күй, өлең-жырлар жинап алдым. Бұл ретте Қазақстанға әкелген материалдарым қолымда қалған бір бөлімі ғана. Көп бөлімі — көне кітап, қисса-дастан, шежіре, өлең-жырлар Үрімшідегі автономиялық райондық байырғы шығармалар кеңсесінде, бір бөлігі Алтай аймағындағы архивте, тағы бір бөлімі облыстық мәдениет-көркемөнер зерттеу орнында сақталуда» дейді .

Қазақ халқының мәдени мұраларын жинаушы Долда Кенешұлы 1947 жылы Қытай Халық Республикасы Шыңжан өлкесіндегі Алтай ауданында дүниеге келген. Ата-анасы Қазан төңкерісі кезінде тағдырдың айдауымен Шығыс Қазақстанның Зайсан өңірінен арғы бетке ауған екен. Ол 1963 жылы орта мектепте оқып жүрген кезінде Алтай аймақтық ән-би үйірмесіне қызметке қабылданған. Қызмет істей жүріп көркемөнер класында үш жыл оқып, орта дәрежелі білім алған. 1982 жылы Пекин қаласына барып бір жыл оқып, композиторлық қабілетсауатын ашқан. 1993 жылы Үрімші кәсіби университетінің әкімшілік-басқару бөлімін тәмамдаған. Долда Кенешұлы 1963 жылдан 1985 жылға дейін Алтай аймақтық үйірмесінде шығармашылық бөлім бастығы, әкімшілік кеңсе бастығы қызметтерін атқарған. 1985 жылдан 1998 жылға дейін Алтай

аймақтық байырғы шығармаларды жинау, реттеу және басу кеңсесінің бастығы және жауапты редакторы міндетін атқарған. 1998 жылдан 2005 жылға дейін Іле қазақ автономиялы облыстық мәдени-көркемөнер зерттеу орталығында ауыз әдебиеті, музыка бөлімінің бастығы болып жұмыс істеген.

Долда Кенешұлы Шыңжан музыканттар қоғамының, Шыңжан Алтай зерттеу қоғамының, Іле қазақ автономиялық облыстық музыканттар қоғамының мүшесі және облыстық «62 қоңырды» зерттеу қоғамының мүшесі болған. Ол Қытайдағы танымал композиторлардың бірі. Отыздың үстінде ән әуенін жазған. Оның әндері мемлекеттік деңгейдегі ән байқауында екі рет, өлкелік жарыста төрт рет жеңімпаз болып танылған. Шығармалары бүкілқытайлық және автономиялық, аймақтық радио-теледидарларда үздіксіз орындалып келеді. 1985 жылы басылым көрген Қытайдағы қазақ композиторларының «Ән әуені» атты тұңғыш жинағына он әні енгізілген. 1980 жылдары мемлекеттік және халық әндері топтамасымен Шыңжан томын шығару жөнінде құрылған басшылық тобының құрамында қазақ халық әндер бөлімінде жауапты қызмет істеп, міндетін абыройлы орындағаны үшін ҚХР Мәдениет министрлігі, Мемлекеттік ұлттық істер комитеті, Жунго көркемөнер-ғылым қоғамы тарапынан марапатталған.

Долда Кенешұлы 1970 жылдардың басынан бастап, халық мұраларын жинаумен айналысқан. Қытай қазақтарында үкіметтің мән беруімен 1950 жылдардан бастап халық мұраларын жинау жұмысы біршама жақсы жүрген. Алайда, аумалы-төкпелі саясат салдарынан ауық-ауық үзіліп, 1966 жылдан 1976 жылға дейін ғана жалғасқан. Аты шулы «мәдени революция» кезінде түрлі-түрлі жүгенсіз жағдайлар болып, әпербақан надандардың қолынан әдеби-мәдени мұралардың сыртында көне ұлттық киім-кешек, ою өрнек, ағаш ыдыс-аяқ, ер-тұрмандар «төрт көне» ретінде өрттеледі. Домбыралар жаппай қиратылып, күй шертіп, ән айтушылар «сары күй шертушілер», «сары ән айтушылар» атанып, қудаланып, көне кітап оқып, жинағандар «сары кітап оқушылар», «сары кітап сақтаушылар» ретінде жазаланады. Осындай мәдени апат салдарынан он жыл бойы ұлттық мәдениет ойрандалып, жалғаспай үзіліп қалады. 1970 жылдан кейін «мәдени революция» аяқталып, солшылдық қателіктер түзетіле бастайды. Осындай жағдайда жоғалуға аз-ақ қалған халық мұраларының қалғанын дереу жинап, құтқару үшін ұлт мұратын ойлаған азаматтар барын салып кіріседі. Осы қатарда Долда Кенешұлы да халық мұраларын жинауға белсене кіріседі.

Ол содан бері 100-ден астам қисса-дастан, 50-дің үстінде араб-парсы, шағатай жа-

зуларындағы көне кітаптар, неше он мыңдаған шумақ өлең-жырлар, көне айтыстар, неше мыңдаған мақал-мәтелдер, шешендік толғаулар, аңыз әңгімелер, тарихи шежірелер, 2 мыңға жуық халық ән-күйлерін жинаған. 1994 жылы «Қазақтың тұрмыс-салт жырлары» атты жинақты құрастырып, баспадан шығарған. Осындай еңбектері үшін 1995 жылы Іле қазақ автономиялық облыстық халық үкіметі жағынан үздік қызметкер атағын алып, ол басқарған мекеме үздік орталық болып бағаланған екен.

Ол 1997 жылы дүниежүзі қазақтары Қауымдастығының шақыруымен Мұхтар Әуезовтің 100 жылдық мерейтойына өкіл болып қатынасқан. 2000 жылы Долда ағамыздың зайыбы, әйгілі би маманы, «Үкілі ару» сынды жүзден астам би туындысын жарыққа шығарған, Қытайдың халық артисі, бүгінгі «Алтынай» би ансамблінің жетекшісі Нағима Тайырқызын Алматы облысының сол кездегі әкімінің орынбасары Жібек Әмірханқызының шақыруына байланысты, оның отбасы балаларымен Қазақстанға қоныс аударған. Ал өзі келіп-кетіп жүріп, 2005 жылы зейнеткерлік демалысына шыққаннан кейін атамекеніне біржолата оралған.

Долда Кенешұлы 2002 жылы Түркістанда болып өткен дүниежүзі қазақтарының екінші Құрылтайына да қатынасқан. Өзінің айтуынша, осы Құрылтайда Елбасы Нұрсұлтан

Назарбаев мырзаның өкілдерге жасаған баяндамасынан үлкен әсер алған. Осыдан бастап Қазақстанға біржолата қоныс аударуға және тәуелсіз жас қазақ мемлекетіне шама-сының жеткенінше үлес қосуға бел байлаған. Осындай мұратпен Қытай қазақтары арасынан отыз жылдан астам өзі жиып-терген халық мұраларының бір бөлігін ала келіп, 2007 жылы сол кездегі Алматы қаласының әкімі Иманғали Тасмағамбетов мырзаға табыс еткен.

Бұл — теңдесі жоқ қазына екенін бірден бағамдаған мәдениет жанашыры, қайраткер азамат Иманғали Нұрғалиұлы көп ұзатпай құрамында Біләл Ысқақов, Айтқали Жайымов, Еділ Құсайынов, т.б. сияқты музыка мамандары, зерттеушілері, орындаушылары бар жұмысшы тобын құрып, 20-дан астам аудиотаспаларда сақталып келген ән-күйлерді, сыбызғы күйлерін нотаға түсіруге мұрындық болды. Жұмысшы тобының үйлестірушісі етіп осы жолдардың авторын белгіледі. Нотаға түсірушілердің тілегімен оларға қажетті барлық жабдықтарды, ең соңғы үлгідегі компьютерлік құралдарды өз қаржысына сатып әперді. Бір жылға тарта жүргізілген жұмыстың нәтижесінде ұлтымыздың мәдени мұрасы 128 сыбызғы күйіне, 300-ге тарта домбыра күйлеріне, 400-дей ән үлгілеріне толықты. Салыстыру үшін алатын болсақ, кеңес заманында елімізде бар болғаны сы-

бызғының 12 күйі ғана сақталып қалғаны анықталды. Бұл тұрғыда ұрпақтар алдында Долда Кенешұлының мәдениетімізді дамытуға қосқан үлесін Затаевичтің теңдессіз еңбегімен ғана салыстыруға болады.

Иманғали Тасмағамбетов Долда ағамыз әкелген төте жазудағы қомақты қолжазбалардың теңін шешіп, кириллицаға түсіріп, ел игілігіне айналдыру жұмысын осы жолдардың авторына жүктеген болатын. Соның нәтижесі ретінде, Шыңжандағы Алтай-Тарбағатай қазақтарының 3000-ға тарта мақал-мәтелдері жеке жинақ, тұрмыс-салт жырлары, айтыстары мен қара өлеңдері бір кітап болып оқырман қолына тиіп отыр. Сонымен қатар осы топтамамен сыбызғы күйлері, екі кітаптан тұратын халық әндері мен домбыра күйлері еліміздің игілігіне айналатынын пайымдасақ, оларды жинаған Долда ағамыздың ұлан-ғайыр еңбегіне және осы мұраға бастан-аяқ бас-көз болып, нотаға түсіртіп, баспадан шығаруды ұйымдастырып, қаржыландырған қоғам қайраткерінің ұлт алдындағы перзенттік парызға адалдығына ден қоймасқа болмайды.

Ұлықбек Есдәулет,
ақын,

ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты

МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕР

Туған елдей ел болмас,
Туған жердей жер болмас.

Туған жеріңе туынды тік.

Әркімнің туған жері Мысыршәрі.

Жақсы жүрген жеріне кент салады,
Жаман жүрген жеріне өрт салады.

Отансыз адам болмас,
Ормансыз бұлбұл болмас.

Кісі елінде сұлтан болғанша,
Өз елінде ұлтан бол.

Отан үшін отқа түс, күймейсің.

Опасызда Отан жоқ.

Ел іші — алтын бесік.

Ер — туған жеріне,
Ит — тойған жеріне.

Ел айырылса көбіне,
Жол айырылса кеңіне.

Ел қорғаған өсер,
Ел қорлаған өшер.

Ер — елінде,
Бақа — көлінде.

Жері байдың — елі бай.

Адам жақсысы елін іздейді,
Ат жақсысы жерін іздейді.

Есің барда,
Елінді тап.

Сағынған ер елін аңсайды,
Сарыала қаз көлін аңсайды.

Ат айналып қазығын табар,
Ер айналып елін табар.

Ер елімен жақсы,
Жер кенімен жақсы.

Ел үмітін ер ақтар,
Ер атағын ел сақтар.

Ер — елдің
жау жағының қалқаны,
жел жағының қорғаны.

Жақсы туса — елдің ырысы,
Жаңбыр жауса — жердің ырысы.

Бассыз ел жетім,
Балықсыз көл жетім.

Елінді жамандама,
Жүзетін көлің.
Жерінді жамандама,
Кіретін көрің.

Жақсыны жамандаса, аруағы тасады,
Жаманды жамандаса, құты қашады.

Өз еліңнің басы болмасаң да,
Сайының тасы бол.

Қағынан жеріген құлан
Қағынып өлер.

Ат үйірін сағынса,
Артқы аяғын қағынар.
Азамат елін сағынса,
Айыл-тұрман тағынар.

Барар жерің Балқан тау,
Ол да бізден қалған тау.

Отанға опасыздық еткенің —
Өз түбіңе жеткенің.

Өзің үшін ту,
Елің үшін күй.

Ел қадірін білмесең,
Елсіздікті көресің.

Жат жарылқамайды,
Өз өлтірмейді.

Көсем де, шешен де елден шығады,
Не қажетің жерден шығады.

Озған ер тарихын таспен жазады,
Тозған ел тарихын жаспен жазады.

Отанды сүю — отбасынан басталады.

Еліңе ел қосылса — құт,
Елден ел айырылса — жұт.

Елін сүйген ер — өлмес.

Елің қалай болса, бөркің солай.

Баяны жоқ жерден без,
Басшысы жоқ елден без.

Ат жақсысы қос табар,
Ер жақсысы дос табар.

Ел жасымен көрікті,
Тау тасымен көрікті,
Аяқ асымен көрікті.

Ердің қарызы елінде,
Елдің қарызы ерінде.

Көл толқыса, көбігі бетіне шығады,
Ел толқыса, тентегі шетіне шығады.

Елу жылда ел — жаңа,
Жүз жылда қазан — жаңа.

Есі бүтін елден шықпайды,
Ерінің қырын жықпайды.

Ер азамат жолдан жазса да,
Елінен жазбайды.

Ел үшін өлген ерде арман жоқ,
Ер қазасын көтерген жерде арман жоқ.

Өзге елдің ұлы болғанша,
Өз еліңнің құлы бол.

Екі тау қосылмайды,
Екі ел қосылады.

Елінен безген ер оңбас,
Көлінен безген қаз оңбас.

Қашпа-қумақ ерге сын,
Көшпе-қонбақ елге сын.

Ел қонысынан айырылса,
Ер ырысынан айырылады.

Мал үшін таласпа,
Ел үшін талас.

Ауылына қарап, азаматын таны.

Үріккен ел қоныс таңдамайды,
Үріккен мал өріс таңдамайды.

Ел ренжісе жер көтермейтін ауыр бар,
Ел қозғалса қарлы жаңбыр, дауыл бар.

Жері байдың елі бай.

Ердің саны — ел,
Жердің сәні — көл.

Жерден жердің несі артық,
Нуы менен суы артық.
Елден елдің несі артық,
Ерлігі мен ісі артық.

Иті семіз, малы арық — жердің азғаны.
Әйел араз, ері жау — елдің азғаны.

Ер жігіт елі үшін туады,
Елі үшін өледі.

Адам адамнан асса да, елден аспайды.
Су тастан асса да, таудан аспайды.

Ер намысы — ел намысы.

Ердің сыншысы — елі.

Елін жамандаған ер оңбас,
Ерін жамандаған әйел оңбас.

Жаман жігітті ел түзейді,
Жаман атты ер түзейді.

Жақсы болсаң, еліңмен бол,
Дәулетті болсаң, жеріңмен бол.

Хан азса, халқын қырады.

Есі бүтін елден шықпас.

Елін ойламағанның ерлігі — зая,
Ертеңін ойламағанның тірлігі — зая.

Ер адасса да, ел адаспайды.

Ел ағасыз болмас,
Тон жағасыз болмас.

Елдің кеткен бақытын
Қайрат қылған ер тоқтатады.

Елі аманның — жері аман.

Туған жердің топырағы да ыстық.

Алаштың аты озғанша,
Ауылдастың тайы озсын.

Өз елін қорсынған,
Кісі елінде қор болар.

Ер елімен сәнді,
Гүл жерімен сәнді.

Елде қадір болмайды,
Қонысынан ауған соң.
Әйелде қадір болмайды,
Байдан сауын сауған соң.

Ерден ат аяма,
Елден ас аяма.

Туған жердің қадірін,
Шет жүргенде білерсің.

Тұғырына саңғыған сұңқар оңбас,
Үйірінен қаңғыған тұлпар оңбас.

Жолдасын таппаған ер азады,
Басшысын таппаған ел азады.

Қара жерді жамандама,
Қайтып сонда барарсың.
Қауым елді қаралама,
Қарғысына қаларсың.

Ел даусыз болмайды,
Ер жаусыз болмайды.

Жау жоқ деме, жар астында,
Бөрі жоқ деме, бөрік астында.

Жауды жеңер жігіттің,
Жарағынан белгілі.
Дауды жеңер жігіттің,
Талабынан белгілі.

Жарға сүйенбе, құлап кетеді.
Жауға сенбе, түбіңе жетеді.

Жыланды өлтіру үшін бастан соқ.

Жыланның уы басында,
Бейғамның жауы қасында.

Ел амандықты,
Жау жамандықты тілейді.

Жауға жарақсыз барма,
Қарпуын күтпей қапы қалма.

Жау тілегенге жасын береді,
Өлім тілегенге бейнет береді.

Кезенген жаудың кезінен сақта.

Тозар елдің жанжалы бітпес,
Озар елдің арманы бітпес.

Ақылсыз досыңнан,
Ақылды дұшпаның артық.

Білекті жаудан,
Жүректі жау қиын.

Қайта шапқан жау жаман,
Қайта қозған дау жаман.

Қараңғы түнде құлақ түр,
Аңдысқан жауды бұрын біл.

Ерегескен екі ердің біреуі өледі.

Гүрілдеп келген жыртқыштан,
Күлімдеп келген жау жаман.